

"2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға байланысты жұмсалған шығындарды тексеру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 25 тамыздағы N 124-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі N 2352
тапсырмасын орындау мақсатында:

1. Мынадай құрамда "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға байланысты жұмсалған шығындарды тексеру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) құрылсын:

Молдабеков - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш
Мейірбек Молдабекұлы агенттігі төрағасының орынбасары, жетекші
Дауылбаев - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының
Асхат Қайзоллаұлы орынбасары, жетекшінің орынбасары
(келісім бойынша)

Күзембай - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш
Нұрғиза Төкенқызы агенттігінің Ғарыш қызметін дамыту
стратегиясы департаменті директорының
орынбасары, хатшы

Байбеков - Қазақстан Республикасы Экономика және
Мырзақасым Ниязбекұлы бюджеттік жоспарлау министрлігі Экономика
салаларын дамыту департаментінің
директоры

Баймұратов - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру
Әбілхан Есенұлы және байланыс агенттігі Байланыс
департаментінің директоры

Жексембаев - Қазақстан Республикасы Экономика және
Қуандық Аманжолұлы бюджеттік жоспарлау министрлігінің
Экономика салаларын дамыту департаменті
директорының орынбасары

Могильный - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Валерий Валентинович министрлігінің Ғылым комитеті төрағасының
орынбасары

- Бекмағанбетов
Бақытжан Оспанұлы
- Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Байланыс департаментінің радиожилік спектрін тағайындау және байланыс саласындағы мемлекеттік қадағалау басқармасының бастығы
- Иманғазиев
Арыстан Кенжесұлы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті ғылыми-техникалық бағдарламалар басқармасының бастығы
- Соболевский
Андрей Дмитриевич
- Қазақстан Республикасы Қаржылық бақылау комитетінің басқарма бастығы
- Рыскелдинов
Сағатбек Бектілеуұлы
- Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мемлекеттік активтер мен міндеттемелерді бақылау бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)
- Тоқтыбаев
Қанат Әбдіхашімұлы
- Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі басқармасы бастығының орынбасары (келісім бойынша)
- Таткеев
Малғаждар Саттарұлы
- Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) Экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу жөніндегі департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша)
- Бектұрғанов
Нұралы Сұлтанұлы
- "Парасат" ғылыми-технологиялық холдингі" акционерлік қоғамының президенті
- Жәнібеков
Қайрат Амангелдіұлы
- "Қазақстан Ғарыш Сапары" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының вице-президенті
- Құдабаев
Бауыржан Төлеуханұлы
- "Ғарыштық байланыс және радиоэлектронды құралдардың электро-магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамының вице-президенті

2. Жұмыс тобы екі ай мерзімде "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде іске асырылған "KazSat-1" байланыс және хабар тарату спутнигі", "Есіл" зымыран-ғарыш авиациялық кешені", "Сары шаған" командалық-өлшеу кешені", "Ұшу ақпаратын көрсету орталығы", "Бәйтерек" ғарыш-зымыран кешені" жобалары бойынша жұмсалған шығындарды тексеру жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов